

Мәслихаттың 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 306 "Мемлекеттік орман қорында орманды пайдаланғаны үшін төлем төлеу ставкалары туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы мәслихатының 2011 жылғы 10 маусымдағы № 391 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 15 шілдеде № 3768 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 95 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 08.12.2016 № 95 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қостанай облыстық мәслихатының 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 306 "Мемлекеттік орман қорында орманды пайдаланғаны үшін төлем төлеу ставкалары туралы" шешіміне ((нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3721 нөмірімен тіркелген, 2010 жылғы 14 шілдеде "Қостанай таңы" және "Костанайские новости" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбындағы "қорында" деген сөзден кейін "және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарында" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақтың 3) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"Қостанай облысы бойынша мемлекеттік орман қоры учаскелерін және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарында аңшылық шаруашылығы мұқтаждықтары үшін, ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру, туристік, рекреациялық және спорт мақсаттарына пайдалануға төлем ставкалары (3-қосымша);"

3-қосымша осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қостанай облыстық
мәслихатының хатшысы,
сессияның төрағасы*

С. Төкенов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қостанай облысы әкімдігінің
табиғи ресурстар және табиғат

пайдалануды реттеу басқармасы"
 мемлекеттік мекемесінің бастығы
 _____ Қ. Төлеубаев

Мәслихаттың
 2011 жылғы 10 маусымдығы
 № 391 шешіміне қосымшасы
 Мәслихаттың
 2010 жылғы 30 сәуірдегі
 № 306 шешіміне 3 қосымшасы

**Қостанай облысы бойынша мемлекеттік
 орман қоры учаскелерін және ерекше қорғалатын
 табиғи аумақтарында аңшылық шаруашылығы қажеті
 үшін, ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру, туристік
 рекреациялық және спорт мақсаттарына пайдалануға
 төлем төлеу ставкалары**

Орман соның бойынша	пайдалану ішінде	түрлері, мерзім	Ормандарды қайта өндіруге арналған шығындардың әдісі	
			Өлшем бірлігі	Төлем ставкасы
1. Ұзақ мерзімді орман пайдалану (10 жылдан 49 жылға дейін)				
Мемлекеттік учаскілерін ғылыми-зерттеулік мақсатымен пайдалану	орман	қоры	гектар	жылына 614 тенге
Мемлекеттік учаскілерін сауықтыру, туристік мақсаттарымен пайдалану	орман	қоры мәдени-тынығу, және спорттық	гектар	жылына 2673 тенге
Мемлекеттік учаскілерін шаруашылығы қажеттіліктеріне пайдалану	орман	қоры аңшылық	гектар	жылына 0 тенге
2. Қысқа мерзімді орман пайдалану (1 жылға дейін)				
Мемлекеттік учаскілерін қорғалатын аумақтарында ғылыми-зерттеулік мақсатымен пайдалану	орман және	қоры ерекше табиғи	адамнан сайын әр күн	0,1 айлық есептік көрсеткішінен
Мемлекеттік учаскілерін сауықтыру,	орман	қоры мәдени-тынығу,	адамнан сайын әр күн	0,1 айлық

туристік мақсаттарымен пайдалану	және	спорттық	есептік көрсеткішінен
-------------------------------------	------	----------	--------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК